



# ЖАС Ұрпақ

№ 01 (59), 2015 ж. наурыз



## ӘЗ-НАУРЫЗ – БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТІҢ ЖАРШЫСЫ

Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз мейрамын Еуразия гуманитарлық институты биыл да ерекше сүйіспеншілікпен тойлады.



Әдетте, құшағы құтка толы болып келетін Қой жылы еліміздегі айтулы күндермен: «Қазақ хандығының 550 жылдығымен», Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығымен, сондай-ақ ЕАГИ-дің 20 жылдығымен және өзге де маңызды шаралармен тұспа-тұс келіп отыр. Биылғы әз-Наурыздың сценарийінің ерекшелігі сол, онда Қазақстан халқының ұлы достығы негізгі тақырып етіп алынды.

Өйткені Наурыз мерекесінің ізгілігі сан ғасырлар сыннан өтіп, бірлік пен берекені, ынтымақ пен ырысты, достық пен татулықты, қайырымдылық пен мейірімділікті паш етіп келе жатқан Ұлыстың ұлы күні – күллі игілік атаулының қайнар көзі.

Мерекелік шара спорттық ойындардан басталды. Тоғыз құмалақтан, қолкүрестен, кір тасын көтеруден, арқан тартудан өткізілген жа-

рыстарға оқытушылар мен студенттер белсене қатысты.

Ал конференц-залда ұйымдастырылған мәдени іс-шараны студенттеріміз Дінмұхамед пен Екатерина жүргізді. Жылдағыдай институт сахнасы қызғалдақ көмкерген әдемі суретпен көркем безендірілді, дәліздерге «Армысын, әз-Наурыз!», «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын», «Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!», «Наурыз мейрамы ынтымақ пен береке әкелсін!» деген ақ тілек сөздер мен студенттер әзірлеген алуан түрлі қабырға газеттері ілінді. Әсіресе көздің жауын алатындай болып әсем киінген ұлттық киімдегі жастар ерекше әсер қалдырды. Қазақтың үкілі көмшат бөрік,



бурмелі көйлек, моншақты камзол киген арулары, орыстың кестелі көйлек киген керез сулулары, украинның гүлге оранған ерке қыздары, ұйғыр, өзбек, тәжіктің мың бұралған бишілері, түрік пен гуржіннің тәкаппар гөзелдері, корейдің қиғаш қастары көз алдымызға келгендей болды.

Сахнада қазақтың қонақ-ты ақпен қарсы алу дәстүрі, орыс халқының қонақты нантүзбен қарсы алу, частушамен сөз қағыстыру сияқты салттары, өзбектің биі мен тәжіктің әні, ұйғырдың «бесік тойы», түрік биі мен грузин әні, түріктің қыз ұзату салтынан көріністер көрсетілді.

А. Алимбаев  
магистр, аға оқытушы

### СТУДЕНТТІК ӨМІР ТЫНЫСЫ

#### ҚАҢТАР

14 қаңтарда институттың конференц-залында «Білім бағдарламасын қалыптастыру барысында жеткен жетістіктер мен жоспарлар» атты семинар өткізілді. Семинарға кафедра меңгерушілері, әдістемелік секциялардың төрағалары, арнайы бакалавр бағдарламасын құрастырушылар қатысты. Семинарға қатысушылар нормативті құжаттармен, модульдік білім беру бағдарламасын құрастыру барысында болатын әдістемелік ұсыныстармен танысты.

15 қаңтарда «Астана Жастары» мемлекеттік мекемесінде Астана қаласы әкімінің орынбасары Аманшаев Ермек Әмірханұлы елордамыздың белсенді жастарымен кездесті. Бұл кездесуде түрлі мүмкіндігі бар жоспарлар жөніндегі ойлар ортаға салынды. Еуразия гуманитарлық институтының жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасы Тырнахан Нұргүл және «Педагогика және психология» мамандығының студенті Сүндетов Азамат «Күрмет тақтасын» жасауды ұсынды. Бұл ұсыныс кездесу қатысушыларымен құпталып, келесі оқу жылы жүзеге асырылатын болды.

#### АҚПАН

3 ақпанда Ф-4-23 тобының студенті Р. Абдрахманова «XXI ғасырдың студенттер қауымдастығы» атты сырттай өткізілген XXVII халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияға қатысып, арнайы дипломмен марапатталды.

4 ақпанда Ұлттық кітапханада белгілі ақын Маржан Ершудің «Фолиант» баспасынан шыққан «Аламан» атты кітабының тұсаукесері болды. Салтанатты іс-шараға институтымыздың «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенттері қатысты.

5 ақпанда институт қабырғасында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.С.Муратовпен «Қазақстан халқы ассамблеясы» тақырыбында кездесу өтті. Аталған шара барысында депутат А.С.Муратов кездесуге келген көрермендердің сұрақтарына жауап беріп, өз пікірін білдірді.

5 ақпанда институттың ғылыми-әдістемелік кеңесінің мәжілісі өткізілді. Мәжілісте кітапхана меңгерушісі С.Хамзина, институт деканы А.Аманбаев, п.ғ.к., доцент Т.Кемайкина баяндама жасады.

6 ақпанда Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы ассамблеясы жылының ашылу салтанаты өтті. Шараға институтымыздың атынан тіркеу бөлімінің әдіскері Шайхсламова Эльмира, ЖІК төрайымы Тырнахан Нұргүл, ИЯК-2-8, ППС-2-5, ҚЯЛ-2-14, ППСК-2-4, ППСК-2-3 топтары қатысты.

7 ақпанда Астана қаласы Жастар саясаты басқармасының ұйымдастыруымен Жеңістің 70 жылдығына орай «Ардагер» атты акция жүргізілді. Еуразия гуманитарлық институты студенттерінің бұл акцияға белсенді түрде қатысуы аясында Ұлы Отан соғысының ардагері Нүриден Жиганшинге көмек көрсетілді: ер балалар ауладағы қарды тазаласа, қыз балалар үй ішін жинастырды. Биыл 90-ға келген ардагер студенттермен кең дастархан басында соғыс жайлы және қазіргі кездегі мәселелерді талқылады.

7 ақпанда «Отан қорғаушылар» алаңында Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығы аясында мерекелік серуен өткізілген болатын. Бұл серуенге институт атынан тіркеу бөлімінің әдіскері Қайролла Раушанның жетекшілігімен ИЯК 14-01 тобы қатысты.

жалғасы 2-бетте

**Любимым праздником для нас, представительниц женского пола, является, конечно же, 8 марта! Праздник этот существует не так давно, но уже успел утратить свое первоначальное назначение. Ведь изначально название праздника звучало так: «Международный день солидарности женщин в борьбе за свои права».**

В 1910 году на Международной конференции женщин-социалисток в Копенгагене Клара Цеткин выступила с предложением о праздновании Международного женского дня, которое прозвучало как призыв ко всем женщинам мира включиться в борьбу за равноправие. Дата 8 марта вы-

## Весна стучится на порог...

брана не случайно, ведь именно в этот день в 1857 году произошло известное политическое событие – массовое выступление работающих женщин в Нью-Йорке.

Кроме права избирать и занимать руководящие посты, женщины добивались равных производственных прав с мужчинами. Но в наше время этот праздник носит совершенно иной характер. Современное празднование Женского дня уже не ставит целью утверждение равенства, он считается днем нарождающейся весны, женской красоты, нежности, душевной мудрости и повышенного внимания к женщине.

Но надо и отдать должное истории: ведь именно благодаря Кларе Цеткин у нас есть такой замечательный праздник, который напоминает о том, что роль женщины – это не только быть внимательной дочерью, верной женой и хорошей матерью, но и возможность участвовать в политической, экономической и социальной деятельности.

С праздником, дорогие девушки и женщины! А вам, юноши и мужчины, желаю побольше терпения, чтобы любить нас такими, какие мы есть!

В. Блонская,  
студентка группы ИЯ-14-02

### Құттықтаймыз!

ПОЗДРАВЛЯЕМ  
студентку группы ППСК-3-2

**МАЖИТОВУ Айжан**

с получением благодарственного письма Общественного фонда «Best for Kids» за оказание поддержки в реализации проекта «Дорогою добра» по социальной адаптации воспитанников детских домов Акмолинской области.

І ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының ҚТӘ-3-13 тобының студенті, айтыс ақыны

**Әуезхан СЫРЫМ**

Астанада өткен «Поэзия менімен егіз бе едің?!» атты Мұқағали Мақатаев атындағы қалалық ақындар байқауында ең үздік өнер көрсеткені үшін І дәрежелі дипломмен

МАРАПАТТАЛДЫ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Астана қаласы жоғары оқу орындары арасындағы «Жастар жалыны-2015» байқауында жүлделі орын алған ЕАГИ студенттері Астана қаласы әкімінің дипломдарымен марапатталды:

«Поэзия» аталымы бойынша **I орын** – **Оразов Жомарт** ҚТӘ-14-01 тобының студенті;  
«Айтыс» аталымы бойынша **II орын** – **Әуезхан Сырым** ҚТӘ-2-12 тобының студенті;  
«Селфи» аталымы бойынша **III орын** – **Бурханова Перизат** ИЯК-3-6 тобының студенті;  
«Фото байқау» аталымы бойынша **III орын** – **Қайроллаева Зумрат** ПДк-2-11 тобының студенті.

басы 1-бетте

12 ақпанда Қазақ технология және бизнес университетінің қабырғасында ақын Мұқағали Мақатаевтың 84 жылдығына орай жас ақындар мүшәйрасы өткізілді. Арнайы конак ретінде әділқазылар алқасының құрамына Еуразия гуманитарлық институтының Жастар ісі жөніндегі комитеті төрағасы Н.Тырнахан шақырылды. Мүшәйра шарты бойынша ақынға арнау және тіл тақырыбында жас ақындар өз өлеңдерін оқыды. Кеш соңында конак көде ретінде қалалық М.Мақатаев оқуларының Бас жүлдегері болған Н.Тырнахан өлең оқып, әділқазылар қатысушыларды алғыс хатпен марапаттады.

12 ақпан оқу жылының бас кезінен бастап, студенттер «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы Ж.Пахрутдинованың жетекшілігімен балалар үйлері тәрбиеленушілерін әлеуметтендіру бағдарламасын жүзеге асыруда.

Жанат Ибадуллақызы осындай бағдарламаға үлесі және танытқан көсіптік шеберлігі үшін «Best for Kids» қоғамдық қорының алғыс хатымен марапатталды.

18 ақпан күні жыл сайын жүргізілетін «Теңбек» әлеуметтік-психологиялық жобасы өз жұмысын бастады. Іс шара шымылдығын тәрбие ісі жөніндегі проректор Я.Н. Оспанова ашты. Жоба ұжымда жұмыс істеуде аналитикалық ойлау, тез шешім қабылдау сияқты студенттердің қырларын дамытады.

18 ақпан күні Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Елдік бастауы» атты тарихи-танымдық кеш өткізілді. Кешке ПМНОК 14-01, ПМНОК 2-2 топтары қатысты.

24 ақпан «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы ҚТӨ-3-13 тобының студенті, айтыс ақыны Әуезхан Сырым «Поэзия, менімен егіз бе едің?!» атты Мұқағали Мақатаев атындағы қалалық ақындар байқауында ең үздік өнер көрсеткені үшін I дәрежелі дипломмен марапатталды.

25 ақпан «Қазақстан» Ұлттық телеарнасында «Алаң» бағдарламасының кезекті түсірілімінде «Демографиялық өсімге жағдай жасалды ма?» деген мәселе көтерілді. Оған ПМНОК-3-1 тобы қатысты.

26 ақпан Шетел тілі кафедрасы студенттері мен ұстаздары «Бейбіт атом» тақырыбында конференция өткізді. Конференцияда: «Жарқын болашақ», «Күн энергиясын қажетке жарату», «Жел энергиясын пайдалану мүмкіндігі», «Ядролық қуаттың бейбіт мақсатта қолданылуы» сияқты тақырыпта баяндамалар оқылды.

27 ақпанда «Тұран-Астана университетінде» Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығына орай аталып өткен «Білім, ғылым, инновациялар - жас зерттеушінің үлесі» атты конференцияға «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенті Ерғалиева Мадина қатысып, белсенділік танытып, ғылыми негізделген баяндама жасағаны үшін арнайы мадақтама алды.

27 ақпанда Еуразия гуманитарлық институтының 20 жылдығына орай, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының бастамасымен «НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?» атты интеллектуалдық ойын өткізілді.

27-28 ақпанда Алматы қаласында Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті «Шетел тілдері» мамандықтары бойынша республикалық студенттер олимпиадасын ұйымдастырған болатын. Осы олимпиадаға елеулі үлес қосқаны үшін Еуразия гуманитарлық институты «Алғыс хатпен» марапатталды.

27-28 ақпанда Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына, Қазақстан халқы ассамблеясы жылы аталуына байланысты «Менің Қазақстаным» атты Республикалық музыкалық фестиваль өткізілді. Осы фестивальге Ф-2-25 тобының студенттері Н.Б. Жұмағұлова мен Ж.А.Қадырова қатысты.

4 наурызда Институттың 20 жылдығына орай, алғаш рет «ЕАГИ сұлтаны мен сұлуы-2015» атты әсемдік байқауы өткізілді.

4 наурызда Педагогика кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақтың батыр қыздары» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында ерліктерімен көзге түскен батыр қыздарымыз жөнінде сөз қозғалды.

18 наурызында Еуразия гуманитарлық институтында Астана қаласы әкімдігі бастауымен ұйымдастырылған қалалық «Армысың өз Наурыз!» байқауы аясында Наурыз мерекесін атап өтті. Аталған іс-шара барысында театрландырылған концерттік қойылымдар көрсетілді, сондай-ақ қабырға газеттерінің конкурсы, спорттық шаралар ұйымдастырылды. Қазақстан халқы ассамблеясынан, Астана қаласы әкімдігі Тілдерді дамыту басқармасынан келген қонақтар, оқытушылар мен студенттер қазақ, орыс, өзбек, тәжік, ұйғыр, татар, корей, украин, түрік, грузин халықтарының ұлттық дәстүрлеріне негізделген концерттік қойылымдарды тамашалады.

Арнаулы айдарды дайындаған  
Жаннат Әділбекқызы

## 20-ЛЕТНИЕ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА



5 января 2015 года в конференц-зале Евразийского гуманитарного института состоялась встреча профессорско-преподавательского состава и студентов института с депутатом Мажлиса Парламента Республики Казахстан Ахметом Сейдахмановичем Мурадовым на тему «20-летья история Ассамблеи народа Казахстана».

Встреча прошла живо и интересно. Ахмет Сейдахманович по совместительству является сопредседателем Ассоциации развития культуры чеченского и ингушского народов «Вайнах» и не понаслышке знает о межэтнических отношениях.

Участники встречи обсудили важность создания Ассамблеи народов Казахстана, переименованную в Ассамблею народа Казахстана, созданной по инициативе Главы государства, ее роль в сохранении мира и согласия в стране. Депутат рассказал об истории становления и развития Ассамблеи, а также об успешных решениях вопросов, возникав-

ших за все время существования Ассамблеи. Ахмет Сейдахманович отметил, что народы нашей республики сплотились и сохранили дружбу, вместе преодолевают трудности и разделяют радостные моменты. Казахстан в глобальном масштабе признан примером единства и толерантности, так как базовыми принципами государственной национальной политики выступают равные права для представителей всех национальных и этнических групп и создание благоприятных условий для деятельности всех конфессий.

В завершении депутат Мажлиса Парламента Республики Ка-



захстан отметил, что этот год особенно значим для нашего народа. Ведь он полон мероприятиями с круглыми датами, такими как 70-летие Победы в Великой Отечественной войне, 550-летие Казахского ханства и казахской государственности, 20-летие Ассамблеи народа Казахстана и

75-й день рождения Главы государства Нурсултана Назарбаева. Ахмет Сейдахманович пожелал успехов в учебе и призвал студентов внести свой вклад на благо народа.

М. Жусупова,  
студентка группы ИЯК-3-7

## Шығармашылық жағынан белсенді тұлға

«...Мен жастарға сенемін», - деп ақын М. Жұмабаев болашақ жастардың қолында екенін теребіне жырлаған болатын. Осындай қуатты сөздер еліміздегі жасты қанаттандырады, жігерлендіреді деп білеміз. Ел алдындағы жауапкершілікті сезініп, үміт пен сенімді ақтауға талпыну, талмай еңбек ету - ел дамуына үлес қосуда белсенділік көрсету жастардың қасиетті борышы болуы керек. Жастар жаңа ғасырдағы жаңа қоғамның қозғаушы күші болуы тиіс десек, онда білімді жас, білікті маман болашақтың кепілі болары сөзсіз. Бізді «қазіргі жастардың ұмтылысы және белсенділігі қандай?» деген ой жиі толғандырады.

Жастар тез қабылдағыш топ ретінде әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа да қоғамның құрылымдық элементтерімен динамикалық ішкі өзгерістер және қарым-қатынас пен өзара байланыста қиындықтарды кешуде. Сонымен қатар олар қоғамдық-саяси, мәдени, отбасылық, еңбек қисметінде жан-жақты белсенділік деңгейін көрсетіп келеді.

Жастардың өзіне сыни тұрғыдан қарап отырып, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі керек. Өз мақсатын нақтылап, ойын

бір тұрақты түйінге байланыстыра алу қабілеттілігі белсенділіктің белгілі бір мәнді көрсеткішін танытады. Оның ішінде, өзін-өзі бағалау тұлғаның өзіне деген сенімін арттырып, рухани күш алады, өзінің айналасын қоршаған адамдармен қарым-қатынасын, өзіне сыни көзбен қарауын, талап қоя білуін, сөзсіздік пен жетістікке қалай қарайтындығына мүмкіндік береді.

Астана қаласы Жоғары оқу орындары атынан Астана қаласы Жастар мәселелері басқармасымен тікелей жұмыс істейміз. Осынау өркендеп-өсіп келе жатқан әсем шаһарымызда білім алып, еңбек ете отырып, ұлт жанашыры, тіл қорғаушысы, тарих сақтаушысы ретінде ең белсенді жастар қатарынан неге көрінбеске?

Жастардың жан-жақты дамуының маңызды факторы олардың өз шығармашылықтарын дамыту жолында түрлі үйірме қауымдастықтардың болуы. Олар шығармашылықтарын дамыта отырып, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіреді, өмірлік тәжірибесін молайтады, әлеуметтік мінез-құлық ережелері мен құндылық бағдарды меңгереді, жолдастық және достық сезімін қалыптастырады. Жоғары оқу орындарында осы

студенттік қауымдастықты дамыту бағытында өнегелі іс-шараларды атқаратын бірден-бір құрылымдық бөлімше Жастар ісі жөніндегі комитет болып табылады. Комитеттер Қазақстан Республикасындағы білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға және студент жастар арасында тәрбие жұмысын жандандыруға, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған іс-шараларға белсене қатысуда.

Шығармашылық жағынан белсенді тұлға саналы, мақсатты іс-әрекетке өзін-өзі тәрбиелейді. Өзін-өзі белсендіретін тұлға қай уақытта болмасын өзінің мүмкіндіктерін үнемі толық ашып дамытуға ұмтылушылық қасиет тән. Олай дейтінім, қазіргі таңда барлық құзырлы мекемеде ұйымдастырушылық, үйлестірушілік, басшылық қызметті атқарып отырғандар осы жастар.

Өмірлік ұстаным негізінде жасөспірімдер өз өрекетін белсенді немесе баяу етіп көрсетеді. Дәлірек айтсақ, белсенді деп отырғанымыз, олар айналадағы шындықты өзгертуге үнемі ұмтылады; ал баяу дегеніміз - қалыптасқан тәртіп пен салтты және норманы сақтаумен ғана шектеледі. Тілін, салт-дәстүрін,

тарихы мен білімін сақтаймын, одан әрі қазақ деген ұлттың тұғырын биіктетемін дейтін жеткіншектер мен жасөспірімдер болашақта шығармашылыққа, толыққанды қарым-қатынас жасауға, өз ойындағысын орындауға қабілетті, ізгілікті, тұлғалық бағдарлы тәрбие жүйесінде өзін қалыптастырамын дейтіндерге мемлекет тарапынан болсын жан-жақты қолдау көрсетілуде. Тек қана кеудедегі намыс пен жігердің отын өшірмей нық қадам жасай білсе болғаны.

«Біз тұрақтылықта бағалай білгендіміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманат етер ең басты байлығымыз Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз», - деген болатын Елбасымыз жолдауында. Ендеше осындай сенім мен аманат, тұрақтылықты сақтап қалу міндетін арқалайтын да біздер - жастармыз.

Н. Тырнахан,  
жастар ісі жөніндегі комитет  
төрайымы

## ТАРИХТАН БАСТАЛҒАН НҰРЛЫ ЖОЛ

Елбасы «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты жолдауында Қазақ хандығының 550 жылдығы аталып өтіледі деп айтқан болатын. Соған орай ҚР Ұлттық сурет Галереясында «Елдік бастауы» атты мәдени іс-шара өткізілді.

Алғашқы болып сахнаның төріне тарихшы М.Х. Дулатидің «Қазақ хандығының құрылуы» атты сахналық қойылымы мен театр актерлері өнер көрсетті. Олар қазақ хандары Керей мен Жәнібектің образдарын шебер сомдау арқылы жұртшылыққа тәуелсіздіктің тарихы тереңде жатқанын, оның қандай ауыртыпшылықпен бізге жеткенін, қадір - қасиетін, баға жетпес асыл мұра екенін жеткізгендей әсер қалдырды. Келесі болып сахнаның сәнін жандандырып белгілі айтқысқа ақын Балғынбек Имашев өз өнерімен көрермендерді бір сілкіндіріп алды.

Қашаған ақын айтқандай, «Қолымдағы бұл ағаш, сөйлеп тұрған қу ағаш» демекші, өзінің қоныр дауысты домбырасымен дәстүрлі әнші Ерлан Рысқали «Ақтамберді толғауы» термесін дүйім жұртқа паш етті. Ақтамбердінің қазақ жауынгерлерінің азаттық, құлдық жөніндегі түсініктері, көшпелі халықтың тыныс-тіршілігі, болашаққа деген сенімі, адалдық-жауыздық, қиянат, әділетсіздік хақындағы таным-түсініктері осы бір өлең жолдарына сиып, жыр - термелерге айналып, бостандықтың қасиетті ұғым екенін жас ұрпаққа жеткізгісі келгендей. Ал оны жеткізу - қазіргі жас буынның міндеті болып табылады.

Осындай игі шараға белгілі қазақ эстрадасының жұлдыздары «Алашұлы» тобы да ат салысты. Олар С. Торайғыровтың сөзіне



жазылған «Алаш туы астында» атты әнді көпшілікке тарту етті. Бұл әннің өзі қазақтардың ынтымағын, қайсар, қайтпас мінезін, болаттай берік төзімділігін, болашаққа деген нық сенімін көрсетеді. Ал оны одан сайын биіктеткен, одан сайын жандандырған, жастарымыздың патриоттық рухын күшейткен «Қазақ хандығының қалыптасуы» жайлы көрсетілген кішігірім көркем фильм болды.

Мәдени іс - шараны ары қарай жалғастырған биші жігіттеріміздің орындауындағы «Қыран биі». Бұл би қазақ халқының бостандығын,

еркіндігін көрсетеді. Қазақта «Ортақ өгізден, онаша бұзау артық» деген сөз бар. Бұрын Қазақстан КСРО құрамында болған кезінде 15 республиканың бірі ғана едік, ал қазір біз тәуелсіз ел атандық. Аспанымызда қалықтаған қыран құсымыз, кен даламызда жүрген аңымыз, жасыл желегіміз бен мөлідрі суымыз да өз республикамызға ғана тиесілі. Осы бір би қимылдары бізге сол бір құндылықтарымызды түсіндіріп тұрғандай.

Келесі кезекте орындалған күмбірлеген күйлер мен шырқалған әндер барлығы да сонау Қазақ хандығының салып кеткен сара жолы мен армандап кеткен азаттығын сахнадан айтып тұрғандай.

«Ой-хой, қазақ даласы, не көрмедің?!  
Қанша қурап, қаншама көгермедің?!  
Қорқыт ата қобызымен боздатығың ғой,  
Асанның шерге толы өлеңдерін!  
Ой-хой, қазақ даласы, не көрмедің?!» - деп жырлағандай, халқымыз қазақ болып, ұлт болып қалыптасуы жолында, талай қилы замандарды бастан өткерді.

Аталарымыз «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен», жерімізді қорғап, бізге аманаттап еді, ендігі мақсат осы елдігімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, адал еңбектің арқасында бақытты өмір кешу және келер ұрпаққа бабалар аманатын абыроймен табыстау болып табылады. Осындай игі іс-шаралардан тағылым алып арқасында өсіп келе жатқан ұрпағымызға өткен тарихымызды естеріне сала отырып, азаттықтың қадірін түсіне білсін дегіміз келеді.

К. Жикишева,  
ПМНОК-3-1  
тобының студенті

# КОНФЕРЕНЦИЯ «МИРНЫЙ АТОМ»

26 февраля 2015 года кафедра иностранных языков провела конференцию на тему «Мирный Атом». Конференция проводилась согласно кафедральному плану воспитательной работы в рамках реализации Проекта «G-Global-EXPO 2017».



Цель конференции состояла в том, чтобы довести до сведения студенческой молодежи страшные последствия ядерных испытаний, а также проинформировать о путях использования атомной энергии в мирных целях. Ответственными за проведение конференции были доцент кафедры Аренова Г.У., старший преподаватель Воронцова И.С. На

конференцию были приглашены преподаватели и студенты кафедры 1-3 курсов, а также преподаватели и студенты кафедры государственно-правовых дисциплин, а именно: студентка группы ПД-4-15 Зарина Балмаганбетова (доклад «Мирный Атом»), студентка группы ИЯК-3-6 Айгерим Байгара (доклад «Жарқын болашақ»), студент группы ПД-2-18 Султан Нурдоллаев (доклад «Невада-Семей»), студент группы ПД-14-01 Темирлан Ергазиев (доклад «Ядерная обстановка в мире и пути разоружения»), студенты группы ЮК-2-17 Мади Тукубаев (доклад «Күн энергиясын қажетке жарату») и Нурәділ Галымжан (доклад «Жел энергиясын пайдалану»), студентка группы ПД-2-17 Анастасия Зубань (доклад «Использование ядерной энергии в медицине»), студентка группы ПД-

2-16 Салтанат Жақенова (доклад «Истоки использования ядерной энергии»). Каждый из докладов сопровождался слайд-шоу и видеофильмами. Студент группы ПД-2-18 Султан Нурдоллаев представил свою видеоработу по теме конференции.

Ведущими конференции были студент группы ПДС-14-01 Ирам Ахметов и студентка группы ИЯК-2-8 Аяжан Сатыбалдина.

В качестве гостя на конференции присутствовал заместитель главного редактора газеты «Астана Ақшамы-Вечерняя Астана» Фалым Кожобеков.

С заключительным словом выступила проректор по воспитательной работе, к.п.н., доцент Я.Н. Османова, которая поблагодарила организаторов и участников конференции, вручив благодарственные письма докладчикам и ведущим конференции.

Нам пообещали, что лучшие доклады конференции будут опубликованы в газете «Астана-Ақшамы-Вечерняя Астана».

А. Байгара, студентка группы ИЯК-2-8

## МЕЖДУНАРОДНЫЙ ПРОЕКТ «G-GLOBAL»



Коммуникативная площадка «G-Global» – международный виртуальный проект, инициированный Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Назарбаевым, синтезирующий в себе видение глобальных проблем и практические пути их преодоления. G-Global – это многофункциональная Интернет платформа, где объединены мировые умы для обсуждения глобальных вопросов мирового развития. Коммуникативная площадка «G-Global» за короткое время объединила более 25 000 тысяч пользователей из 149 стран.

Эксперты и ученые предлагают вниманию коллег публикации по темам: экономика Казахстана, региональная политика, продовольственная безопасность, законодательство и права человека, «зеленая экономика», альтернативные источники энергии и другие темы. Специалисты рассматривают способы снижения кредитных рисков банков второго уровня, методы оценки финансовых активов, обсуждают необходимость переработки сельхозпродукции, ищут ответы на вопросы по атомной энергетике. Здесь обсуждают раз-

личные вопросы в дебатах и дискуссиях: проблемы геополитического и экономического характера, образования в Казахстане и мире, ситуацию вокруг финансовой системы, цены на нефть и другие энергоресурсы и множество других локальных и глобальных тем.

Социальная сеть интеллектуалов Казахстана и мирового сообщества занята поиском решений обширного круга вопросов, от которых зависит будущее всего мира. Ежедневно создаются условия для мирового экспертного сообщества для интерактивных, открытых и публичных дискуссий по социальным, экономическим, политическим, культурным, демографическим и многим другим вопросам.

G-Global – это приглашение к сотрудничеству и взаимодействию всех государств, межгосударственных неправительственных субъектов мировой политики, а также отдельных политиков, общественных деятелей, экспертов и ученых.

И.В. Порядина, кандидат экономических наук, доцент, заведующая кафедрой экономических и математических дисциплин

## Открытая лекция

Мы, группа ЮР-3-15 вместе с преподавателем А.С. Абельдиновым, 17 февраля 2015 г. посетили Музей Первого Президента, где прослушали открытую лекцию на тему: «Формирование правосознания и правовой культуры в Республике Казахстан». Основной ее целью были поиски эффективного использования знаний о правосознании в гражданско-патриотическом, нравственном, эстетическом воспитании студентов. Лекцию нам прочитала научный секретарь музея Первого Президента Г.Б. Карагизова.

В начале лекции была сформулирована ее цель. Далее в понятной и доступной для восприятия форме нам было рассказано о формах и видах правосознания в Республике Казахстан. Лектор обнаружила глубокое знание материала, свободно его излагала, удерживая внимание студентов. Нам приятно отметить ее педагогический такт, соблюдение принципа научности и умение заинте-

ресовать студентов. Лекция была прочитана в хорошем темпе, и студентам она очень понравилась.

В ходе лекции нам стало известно, что правосознание входит в систему общественного сознания и является одной из его форм. Существуют различные формы общественного сознания, такие как философское, политическое, нравственное, религиозное и др., с которыми правосознание находится в тесном взаимодействии.

В конце лекции студенты задали интересующие их вопросы, а лектор дала на них детальные ответы. Затем был проведен социологический опрос в форме анкетирования.

Я считаю, что студенты должны как можно чаще посещать подобного рода мероприятия, так как они положительно влияют на развитие познавательного интереса студентов.

Э. Нараева, студентка группы ЮР-3-15

## ЗАМАН ТАЛАБЫ – ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Елбасының әр жылғы Жолдауы - тарихи құжат. Қайсысын алып қарасаныз да стратегиялық маңыздылығы мен белгілі бір мерзімде нақты міндеттер мен мәселелердің шешілуін қамтамасыз етуге бағытталғанын көреміз. «Нұрлы жол» – барша қазақстандықтардың өміріне, болашағына қатысты құжат. Ертенгі бағытын, жүретін жолын, өсу жолындағы мұратын анық білген елдердің қандай жеңістерге жеткенін тарихтан білеміз. Сондай-ақ Елбасының «Нұрлы жол – Болашаққа бағыт» атты Жолдауындағы жастарға арналған бағыты – білім мәселесі. Жолдауда бірнеше бағыт-бағдар, әртүрлі сала бойынша мәселелер көтерілгені баршаға аян. Елбасы әр Жолдауында «жастар – біздің болашағымыздың тірегі» деп әркез айтып келеді. Сонымен қатар, өскелең ұрпаққа үлкен мән бере келе, өз сөзінде: «Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы Жол», міне, біздің шығармашыл ырғақты жастарымыздың күш-жігері жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!» – деп, жастарға үлкен сенім білдірді. Елбасының білім саласына қыруар қаражаттың бөлінетінін және еліміздің беделді он

жоғары оқу орны әлемдік стандартқа сай етіп жасақталатынын мәлім ету біздің дамыған ел болуға бағыт алғанымызды көрсетеді.

Сондықтан институттың жас ғалымдарының кәсіби өсуіне ықпал ету, жастардың ғылыми бастамаларын дамыту және жас ғылыми кадрларды институтта тұрақтандыру керек. Институттағы ғылыми жұмысты жетілдіру бойынша жас ғалымдардың ғылыми қызметінің ұйымдастырылуы мен олардың Қазақстан мен шет елдерде өткізілетін түрлі ғылыми-зерттеу жобаларына, бағдарламаларға, ғылыми тағалымдарға, конкурстарға, ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысуына ықпал ету мақсатында Жас ғалымдар кеңесі құрылды. Жас ғалымдар кеңесіне отыз бес жасқа дейінгі жас ғалымдар шақырылды. Осыған байланысты жоспарлар, бағыттар талқыланды.

Институт Жас ғалымдары кеңесінің құрамына әр кафедраның жас ғалымдары кеңесінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Жас ғалымдар Кеңесі туралы Ереже талқыланып бекітілді. Кеңес құрамы мүшелігіне институтымыздың кафедра-

лары құрамынан тоғыз жас зерттеуші оқытушы қабылданды. Жас ғалымдар кеңесінің негізгі атқаратын қызметі: институттың жас ғалымдарының кәсіби өсуіне ықпал ету; жастардың ғылыми бастамаларын дамыту; жас ғылыми кадрларды институтқа тұрақтандыру. Сонымен қатар ғылыми жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныс даярлау, жас ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне қолдау көрсететін (грант бөлетін) ғылыми жобалар, бағдарламалар мен қорлар туралы, еліміз бен шетелдегі ғылыми және білім беру орталықтары, сондай-ақ Қазақстан мен алыс және жақын шетелдерде өткізілетін бейінді іс-шаралар (конференциялар, семинарлар) туралы ақпарат беріп тұру сияқты қызметтер атқару көзделді. Бізге, жас ғалымдарға үлкен сенім мен үміт артылып отыр. Сондықтан қиындығы мен қызығы қатар жүретін үлкен ғылым жолында институтымыздың ғылыми өмірін дамыту үшін бар күш жігерімізді саламыз деген үміттеміз.

Н. Сәулен, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м., Жас ғалымдар кеңесінің төрайымы

## СЕТЕВАЯ ЖИЗНЬ СОВРЕМЕННОГО СТУДЕНТА

Нас заинтересовал вопрос: что представляет собой «сетевая» жизнь современного студента (количество часов в сети, цели пребывания в ней, поведенческие практики, сетевые самопрезентации, предпочтения), и действительно ли она несет в себе угрозу для нормальной человеческой коммуникации?

Объектом исследования выступили студенты ЕАГИ в возрасте от 18 до 21 года, имеющие странички в социальных интернет-сетях (в частности, в сети «ВКонтакте»). В изучении феномена социальных интернет-сетей мы использовали сочетание трех методов сбора данных – фокусированного группового интервью (фокус-группы), дневниковый метод и свободные сочинения информантов. В результате была получена вот такая «сетевая» картинка.

Время, проводимое в Интернете, довольно разное: это может быть час-два или до 12-14 часов в день. Частота посещений и время пребывания здесь зависит от занятости в течение дня, а также от таких факторов как учеба, работа или серьезные увлечения. Привлекательность Интернета заключается в наличии огромного количества информационных ресурсов, развлечений, возможно-

стей общения и участия в сообществах. Кроме того, все это может быть полезным в работе и в учебе.

Участники исследования как-то не связывают между собой Интернет и социальные интернет-сети, разделяют общение в сети, просмотр фильмов от поиска информации для подготовки к занятиям на образовательных сайтах.

Свои аккаунты в социальных сетях студенты посещают в среднем 4-5 раз в день, длительность их пребывания в сетях составляет 3-4 часа. Но это время часто сложно отслеживать, так как, например, телефон практически не выпускается из рук, а уведомление на него приходят круглосуточно.

Поводом для регистрации в социальных интернет-сетях чаще всего выступает любопытство, но здесь постепенно формируются связи, появляются люди, с которыми строится интенсивное общение.

Виртуальный образ информантов соответствует их реальной персоне, но по большей части все стараются указывать минимум личной информации, ограничиваясь фамилией и именем, а также годом рождения.

Социальные интернет-сети предоставляют возможности быть на связи

с членами семьи, с их помощью можно быстро и бесплатно пообщаться с самыми близкими людьми, даже не выходя из учебной аудитории. Здесь же можно оперативно узнать последние новости из жизни института.

Участники обсуждения готовы признать некоторую иллюзорность сетевого общения, большая часть из них даже может удалить свой аккаунт (что не помещает вновь его зарегистрировать спустя незначительное время). Альтернативы социальным интернет-сетям есть: увлечения, любовь, учеба, работа.

Посещение личной странички - это ежедневный обряд, включающий в себя разглядывание и комментирование фотографий друзей, трансляция собственных фото, просмотр обновлений. Действия в сетях не отличаются разнообразием: общение, переписка, просмотр фотографий и ленты новостей, кино.

За одну сессию ведутся диалоги в среднем с 5-6 собеседниками, и чаще всего это одни и те же люди, которых хорошо знаешь и в реальной социальной жизни. Исключения бывают, когда возникают конференции по 20 участников, иногда разговоры ведутся с теми, кого знал и видел только в далеком детстве.



Зависимость от социальных интернет-сетей в большинстве случаев отрицается, хотя и признается риск ее формирования. Практически каждый участник исследования декларирует четкую систему ценностных ориентаций, в которой ведущие позиции имеет семья, родственные и дружеские связи.

Социальные интернет-сети воспринимаются как угроза реальной жизни несколько отвлеченно, вне связи с соб-

ственной активностью. Так, чаще говорят о детях и подростках, угрозах их «ухода» в виртуальный мир.

Были предложены методы борьбы - от возрастных ограничений для использования социальных интернет-сетей до введения платы и лимита времени за пребывание в виртуальном коммуникативном пространстве.

К. Искакова, студентка группы ППС-3-4

## Студенттер поэзиясы



Как же здорово быть ребенком!  
Может стали серьезней мы,  
Может быть повзрослели просто,  
Перестали мы видеть сны,  
Теперь смотрим на все "по-взрослому."

Мы не видим тех мелочей,  
Что всегда замечают дети.  
Как же страшно мне стать взрослей  
И вдруг все разлюбить на свете.

Как же страшно солгать и льстить,  
Искать выгоду и сомневаться.  
Как же хочется вновь чудить,  
Все любить и всем улыбаться!

Как же хочется верить в мечты,  
В чудеса, в волшебство и в счастье.  
Видеть все тайники красоты  
И простым вещам удивляться!

Как же хочется правдой жить  
Детской шалостью, смехом звонким.  
О всех сложностях мира забыть...  
Как же здорово быть ребенком!

В. Блонская,  
студентка группы ИЯ-14-02

### АУЫЛДЫ АҢСАУ

Көңілге артқым келмейді босқа нала,  
Асығып жеткен едім тас қалаға.  
Күй, әлем-онда рас бәрі өзгеше,  
Иә, мен оқып жүрмін Астанада.

Мектептегі күндерім қандай бақыт,  
Адамға ақыл ертерек қонбайды, ә, түк?!  
Ауыл жаққа аңсарым ауды менің,  
Басталған сабағым бармай жатып.

Өзімше кедергіні асып өтем,  
Демесін деп ауыл ұлы жасық екен.  
Қызығы көп болады деп жүруші ем,  
Шыжығы әлде қайда басым екен.

Көтеріп өзіме артқан жүкті әрдайым,  
Жақсы күннің жолын алдан күттім дәйім,  
Алас ұрдым жабығып жат қалада,  
Анашымның сағынын күрт пен майын.

Басқа қала, жат дағды, бөлек мүлде,  
Бөлек ауа, бөлек күн, бөлек түнде.  
Жел секілді бірде олай, бірде былай,  
Мен секілді ауыл ұлы керек кімге?

Бұл жаққа бола алмаймыз жаңалық біз,  
Себебі біз қарапайым далалықпыз.  
Ысқырып ауыл қызын шақырушы ек,  
Пысықырып қарамайды қалалық қыз.

Арттылып сөзіне мін, ісіңе сын,  
Бойынның сарқылады күші де шын.  
Қауымның бұл жақтағы пейілін көріп,  
Ауылдың қадірін мол түсінесің.

Жұбатар жабыққанда жырым мені,  
Туған жердің тағылымы тұғырлы еді.  
Манғыстаудың сағындым манғаз жұртын,  
Арқаның ардақты елі, ұғын мені!

Ж. Оразов,  
ҚТӨ-14-01 тобының студенті

Я жил, я думал лишь о ней,  
О звездочке в небесной темноте.  
И там, среди пылающих огней,  
Она сияет в вечной пустоте.  
Мне нравится она!  
И звуки милой скрипки,  
И свет в ночи как милая звезда  
Сверкает мне своей улыбкой.  
Освободившись от оков,  
Я стану сердцем для нее.  
И буду нежным, как любовь.  
Я обниму ее дождем,  
Лучами солнца и теплом,  
Я буду жить, и думать лишь о ней,  
И согревая нежно всю ее,  
Я буду знать, что нет ее родней.

Д. Зейнопов,  
студент группы Юр-2-16

## «ЕАГИ АРУЫ МЕН СҰЛТАНЫ-2015»



Жоғары оқу орнымыздың 20 жылдығы аясында Жастар ісі комитетінің ұйымдастыруымен 4 наурызда «ЕАГИ аруы мен сұлтаны 2015» атты сұлулық байқауы өтті. Қалалық сән үйінен арнайы шақырылған қонақтар сайыскерлерімізді сынап, өзінше баға берді. Байқауға қатысушы серілер мен нәзік жандылар төрт түрлі сыннан өтті, яғни сахнада қимылдау шеберлігі, өз өзін таныстыру, өнер көрсету және комедия тапсырмаларын орындады. Бұл шара институтымызда алғаш рет өткізілгенімен, деңгейі жоғары болды. Байқаудың сәтті өтуі Нұргүл Тырнахан қызы бастаған ұйымдастырушылардың еңбегі мен

қатысушылардың дайындығының арқасы деп толықтай айтуға болады. Ұйымдастырушы мен көрермен ретінде бұл байқауды өте сәтті және келешекте өз жалғасын табатын жоба деп сеніммен айта аламын. Сіз де келесі жылы бұл сайысқа қатысып, өз бағыңызды сынап көріңіз. «ЕАГИ аруы мен сұлтаны 2015» байқауында бас жүлдені Абай Ахатов мен Перизат Бурханова иеленді. Екінші орынды Еламан Кенескүл мен Аяжан Баширова, үшінші орынды Нұрсұлтан Жолдыбаев және Айнұр Жүнісбекова алды. Өр жұп дипломдар және сыйлықтармен марапатталды.

М. Жүсіпова,  
ИЯК-3-7 тобының студенті

## Ойлы болсаң, озып көр...

Біздің институтымызда студенттік өмір белсенді әрі қызық өтуде. Әр аптаның өзінде кем дегенде бір-екі рет студенттердің ұйымдастыруымен түрлі шаралар өтуде. Осы жолы жаңа жобаға қатысуға өзіме де ұсыныс түсті. Бұл мен үшін де, басқа қатысушылар үшін де мол жауапкершілікті талап ететін шара болды. Себебі өз кафедрасының атынан шығып, намысын қорғау үлкен мәртебе. Ақпанның 27 жұлдызында Еуразия гуманитарлық институтында мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен алғаш «Не? қайда? қашан?» интеллектуалдық ойыны өткізілді. Берілген шараға мемлекеттік-құқықтық пәндер, қазақ және орыс филологиясы, педагогика, экономикалық және математикалық пәндер кафедралары атынан топтар және ЕАГИ құрама командасы қатысып, өздерінің зияткерлік және жан-жақты ойлау қабілеттерін сыңға алды. Ойын екі бөлімнен тұрды. Сұрақтарға жауап беру нәтижесі бойынша ЕАГИ құрама командасы топ жарып, ЮК-2-7 тобының студенті Ғалымжан Нүрәліл үздік ойыншы атанды. Қомандалар бар күшті салып дұрыс әрі тез жауап беруге тырысты.

М. Жүсіпова,  
ИЯК 3-7 тобының студенті

## Показали профессионализм

3 февраля текущего года в отеле «Radisson» проходила 12-ая Казахская выставка «Образование за рубежом», и студенты нашего института Роман Кравченко, Жұлдыз Жанаева, Дилара Темирбекова, Анастасия Филатова и Артем Яремчук были приглашены на нее в качестве переводчиков. На выставке присутствовали представители различных бизнес-школ и университетов из России, Казахстана, Южной Кореи, Австралии, Великобритании, Германии, Италии, Франции, США, Кипра, Швейцарии, Малайзии, Сингапура, Китая и других стран. Наши студенты блестяще справились с поставленной задачей, а свидетельством их профессиональной компетентности было благодарственное письмо ректору института. Это мероприятие послужило отличным шансом получить всю необходимую информацию об обучении за рубежом для всех желающих.

А. Яремчук,  
студент группы ИЯ-3-10

## НИКТО НЕ ЗАБЫТ, НИЧТО НЕ ЗАБЫТО!

7 февраля 2015 года в Астане по инициативе городского Управления молодежной политики стартовала акция «Ардагер», посвященная 70-летию Победы в Великой Отечественной войне.

Участие студентов Евразийского гуманитарного института в акции выразилось в оказании помощи участнику войны Нуридну Жиганшину. Юноши убрали во дворе снег, девушки помогли навести порядок в доме. За накрытым дастарханом ве-



теран войны, который в этом году отмечает свое 90-летие, рассказал о своей молодости, о войне, о теперешней жизни и о многом другом. Перед уходом студенты поблагодарили Нуридну Жиганшину за то, что он вместе с другими солдатами отстоял мирную жизнь, а ветеран, в свою очередь, пожелал молодому поколению хорошо учиться и активно участвовать в жизни общества.

Д. Сулейменова,  
студентка группы ПД-2-18

## Встреча с легендарным марафонцем



В рамках проекта работы с детьми-сиротами, организованной старшим преподавателем кафедры педагогики Ж.И. Пахрутдиновой, мы участвуем во многих мероприятиях, связанных с благотворительной и волонтерской деятельностью. Так, начиная с октября 2014 года, мы не раз посетили Аккольский и Жолымбетский детские дома с психологическими тренингами.

На этот раз нами была организована встреча с бывшим воспитанником детского дома Маратом Жыланбаевым.

Марат Жыланбаев – единственный в мире марафонец, первый в истории человечества бегун, который пробежал все крупнейшие пустыни планеты: Каракумы, Сахару, Большую Викторию, Неваду и установил 7 рекордов, занесенных в Книгу

Гиннеса. Победы и рекорды Марата впечатляют. Особенно когда понимаешь, что все это совершил человек, который живет рядом с тобой – практически «на соседней улице». Он очень спокойно рассказывает о нечеловеческих нагрузках, которые пришлось испытать во время сверхмарафонов и о том, как в «лихие 90-е» продолжал ставить рекорд за рекордом. Когда его спрашивают, как он сумел всего этого достичь, Марат пожимает плечами: просто, если у тебя есть цель – надо добиваться ее. Несмотря ни на что. И в особенности вопреки всему. Мы надеемся, что эта встреча вдохновит всех нас и мотивирует на экстраординарные поступки и достижения, и мы сможем посмотреть на себя и мир вокруг нас по-новому. Мы верим, что все изменения к лучшему, в первую очередь, начинаются с нас самих.

А. Мажит,  
студентка группы ППСК-3-2

Газета Евразийского гуманитарного института «Жас ұрпақ»



Регистрационное свидетельство № 992-Г от 19.12.1999 г. Выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Газет тоқсан сайын шығады. Выходит ежеквартально.

Редактор: Я. Оспанова  
Учредитель: ректорат ЕАГИ  
Верстка: А. Заркешева  
Тираж: 500 экз.

Адрес: г. Астана, ул. Жумабаева, 3.  
E-mail: eagi@list.ru

www.egi.kz